	<ol style="list-style-type: none"> 4. Арнайы элементті тінтуірдің оң жақ түймесімен басып (мысалы, HP DVD Writer 640b), қалқымалы мәзірден Properties (Сипаттар) бөлімін таңдаңыз. 5. Драйвер қойындысын басыңыз. 6. Драйверді жаңарту үшін Драйверді жаңарту түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. <i>Немесе</i> драйвердің алдыңғы нұсқасына қайтару үшін Драйверді қайтару түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
Microsoft жүйесін қалпына келтіру	<p>Егер компьютерде орнатылған бағдарламаға байланысты ақау пайда болса, компьютерді алдыңғы қалпына келтіру нүктесіне қайтару үшін жүйені қалпына келтіру функциясын пайдаланыңыз. Қалпына келтіру нүктелерін қолмен орнатуға болады.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ: Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын пайдалану алдында әрқашан осы Жүйені қалпына келтіру процедурасын орындаңыз.</p> <p>Windows жүйесінің нұсқасы орнатылмаған күйде жеткізілген жүйелерде кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.</p>
	<p>Жүйені қалпына келтіруді бастау үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз. 2. Start (Бастау) мәзірін таңдап, Computer (Компьютер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен немесе екі рет басыңыз және содан кейін Properties (Сипаттар) бөлімін таңдаңыз. 3. Защита системы (Жүйе қорғанысы), Восстановление системы (Жүйені қалпына келтіру) бөлімдерін таңдап, Следующий (Келсеі) түймесін түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
	<p>Қалпына келтіру нүктелерін қолмен қосу үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз. 2. Start (Бастау) мәзірін таңдап, Computer (Компьютер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен немесе екі рет басыңыз, Properties (Сипаттар) бөлімін таңдап, System protection (Жүйе қорғанысы) бөлімін таңдаңыз. 3. Настройки безопасности терезесінде қалпына келтіру нүктесін жасағыңыз келетін дискіні таңдаңыз. 4. Создать (Жасау) түймешігін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
Бағдарламалық құралды немесе аппараттық құрал драйверін қайта орнату	<p>Өндіруші орнатқан бағдарламалық құрал немесе аппараттық құрал драйверлерінің кез келгені зақымдалған болса, оны Қалпына келтіру реттеушісі бағдарламасын пайдалану арқылы қайта орнатуға болады (таңдалған модельдер үшін).</p> <p>ЕСКЕРТПЕ: Компьютерде қамтылған CD немесе DVD дискілерімен келген бағдарламалық құралдарды қайта орнату үшін Қалпына келтіру реттеушісін пайдаланбаңыз. Бұл бағдарламаларды CD немесе DVD дискіжетектерінен тікелей қайта орнатыңыз.</p> <p>Бағдарламаны жоюдан бұрын оны қайта орната алатыныызға сенімді болыңыз. Бастапқыда орнатылған жерде қол жетімді екеніне сенімді болу үшін тексеріңіз (мысалы, дисктер немесе интернет). Бағдарламаның Қалпына келтіру реттеушісінен қайта орнатуға болатын бағдарламалар тізімінде бар екенін тексеріңіз.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ: Windows жүйесінің нұсқасы орнатылмаған күйде жеткізілген жүйелерде кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.</p>
	<p>Қалпына келтіру реттеушісіндегі орнатылатын бағдарламалардың тізімін тексеру үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пуск мәзірін таңдаңыз, Все программы, Диспетчер восстановления тармағын таңдаңыз, содан кейін Диспетчер восстановления бағдарламасын таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыру рұқсатын беру үшін Иә түймесін басыңыз. 2. Мне нужна быстрая помощь тізімінде Бағдарламалық құралды қайта орнату түймесін басыңыз. 3. Сәлемдесу экранында Келесі түймесін басыңыз. Бағдарламалар тізімі ашылады. Бағдарламаның сонда бар екенін тексеріңіз.
	<p>Қалпына келтіру реттеушісі параметрін пайдалану арқылы бағдарламаны қайта орнату үшін:</p>

Белгі	Ықтимал шешімдер
	<ol style="list-style-type: none"><li data-bbox="375 226 1369 275">1. Пуск мәзірін таңдаңыз, Все программы, Диспетчер восстановления тармағын таңдаңыз, содан кейін Диспетчер восстановления бағдарламасын таңдаңыз.<li data-bbox="375 300 1442 323">2. Бағдарламалық құралды қайта орнату түймесін басып, Сәлемдесу экранындағы Келесі түймесін басыңыз.<li data-bbox="375 348 1401 371">3. Орнатқыңыз келетін бағдарламаны жауып, Келесі түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.<li data-bbox="375 396 1453 464">4. Қайта орнатуды аяқтағанда, компьютерді қайта іске қосыңыз. Осы соңғы қадамды өткізіп жібермеңіз. Бағдарламалық құралдарды немесе аппараттық драйверлерді қалпына келтіргеннен соң, компьютерді қайта іске қосу қажет.
	<p data-bbox="375 489 616 512">Бағдарламаны жою үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"><li data-bbox="375 537 1043 560">1. Барлық бағдарламалық құралдарды және қалталарды жабыңыз.<li data-bbox="375 585 1390 609">2. Пуск (Бастау) түймешігін таңдап, одан кейін Панель управления (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.<li data-bbox="375 634 1158 657">3. Бағдарламалар параметрінің астындағы Бағдарламаны жою түймесін басыңыз.<li data-bbox="375 682 1043 705">4. Жойғыңыз келетін бағдарламаны таңдап, Жою түймесін басыңыз.

6 Жүйені қалпына келтіру

Жүйені қалпына келтіру қатты дискіні толығымен өшіріп, қатты дискіні қайта форматтайды. Бұл кезде жасалған барлық деректер файлдары жойылады, содан кейін операциялық жүйе, бағдарламалар мен драйверлер қайта орнатылады. Бірақ, компьютерде өндіруші орнатпаған барлық бағдарламаларды қайта орнату керек. Бұған компьютермен бірге берілетін ақпарат тасушылардағы бағдарламалар және сатып алғаннан кейін орнатылған барлық бағдарламалар кіреді.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын пайдалану алдында Жүйені қалпына келтіру процедурасын пайдаланыңыз — *Microsoft Жүйені қалпына келтіру* тізімінде [Бағдарламалық құрал ақауларын жою \(13-бет\)](#) көріңіз.

Windows жүйесінің нұсқасы орнатылмаған күйде жеткізілген жүйелерде кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

Жүйені қалпына келтіру әдісін таңдау

Жүйені қалпына келтіруді орындау үшін келесі әдістердің бірін таңдауға болады:

- Қалпына келтіру кескіні – қатты дискіде сақталған қалпына келтіру кескінінен Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын іске қосыңыз. Қалпына келтіру кескіні – бұл өндіруші компьютерге орнатқан бастапқы бағдарламалардың көшірмесі бар файл. Жүйені қалпына келтіру кескіні арқылы қалпына келтіру үшін, [Windows 7 «Пуск» мәзірінен жүйені қалпына келтіру \(16-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру кескіні қатты дискінің деректерді сақтау үшін пайдалануға болмайтын бөлігін пайдаланады.


- Қалпына келтіру ақпарат тасушылары – жүйені қалпына келтіруді қатты дискіде сақталған файлдардан жасаған қалпына келтіру дискілерінен немесе бөлек сатып алған дискілерден іске қосыңыз. Қалпына келтіру ақпарат тасушыларын жасау үшін [Қалпына келтіру медиасын жасау \(19-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Жүйені қалпына келтіру параметрлері

Жүйені қалпына келтіруді төмендегі ретпен орындау керек:

1. Қатты дискі арқылы Бастау мәзірінен.
2. Қатты дискіден жүйе іске қосылып жатқанда пернетақтадағы **F11** пернесін басып тұру арқылы.
3. Жасалған қалпына келтіру ақпарат тасушыларының көмегімен.
4. HP қолдау қызметінен сатып алған қалпына келтіру дискілерінің көмегімен. Қалпына келтіру дискілерін сатып алу үшін <http://www.hp.com/support> сайтына кіріңіз.

Windows 7 «Пуск» мәзірінен жүйені қалпына келтіру

 **ЕСКЕРТУ:** Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Алынбалы дискіге немесе USB флэш жадына барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Егер компьютер жұмыс істеп тұрса және Windows 7 жүйесі жауап берсе, **Жүйені қалпына келтіру** үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді қосыңыз.
4. **Пуск** (Бастау) мәзірін таңдап, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Безопасность и защита** (Қауіпсіздік және қорғаныс), **Диспетчер восстановления** (Қалпына келтіру реттегіші) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Менеджер восстановления** (Қалпына келтіру менеджері) бөлімін таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыру рұқсатын беру үшін **Иә** түймесін басыңыз.
5. **Мне нужна быстрая помощь** тізімінде **Восстановление системы** тармағын таңдаңыз.
6. **Да** (Иә) түймесін, одан кейін **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз. Компьютер қайта іске қосылады.



ЕСКЕРТПЕ: Егер жүйе қалпына келтіру бөлімін *анықтамаса*, ол қалпына келтіру ақпарат тасушысын салуды ұсынады. Дискіні немесе USB флэш жадын салып, **Да**, түймесін таңдаңыз, содан кейін компьютерді қайта іске қосып, «Диспетчер восстановления» бағдарламасын қалпына келтіру дискісінен немесе USB флэш жадынан іске қосу үшін **Далее** түймесін басыңыз. Дискілерді пайдаланып жатсаңыз, сұралғанда келесі жүйені қалпына келтіру дискісін салыңыз.

7. Компьютер қайта іске қосылғанда, «Диспетчер восстановления» бағдарламасының экранын қайта көресіз. **Мне нужна быстрая помощь** тізімінде **Восстановление системы** тармағын таңдаңыз. Файлдардың сақтық көшірмесін жасау сұралса және оны әлі орындамаған болсаңыз, **Алдымен файлдардың сақтық көшірмесін жасау (ұсынылған)** түймесін басып, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз. Кері жағдайда **Файлдардың сақтық көшірмелерін жасамай қалпына келтіру** түймесін басып, содан кейін **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
8. Жүйені қалпына келтіру басталады. Жүйені қалпына келтіру аяқталғаннан кейін компьютерді қайта іске қосу үшін **Готово** (Аяқтау) түймесін басыңыз.
9. Тіркеу процесін аяқтаңыз да, жұмыс үстелін көргенше күтіңіз.
10. Компьютерді өшіріңіз, барлық перифериялық құрылғыларды қайта қосыңыз, сөйтіп компьютерді қайта қосыңыз.

Жүйені іске қосу барысында қалпына келтіру



ЕСКЕРТУ: Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Алынбалы дискіге немесе USB флэш жадына барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Егер Windows 7 жүйесі жауап бермесе, бірақ компьютер жұмыс істеп тұрса, **Жүйені қалпына келтіруді** орындау үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Компьютерді өшіріңіз. Қажет болса, **Қуат** түймесін компьютер өшкенше басып тұрыңыз.
2. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
4. Компания логотипі бар бастапқы экранды көргенде, экранда **Windows загружает файлы...** хабары пайда болғанша пернетақтада **F11** пернесін қайта-қайта басыңыз.
5. **Мне нужна быстрая помощь** тізімінде **Восстановление системы** тармағын таңдаңыз.

6. Файлдардың сақтық көшірмесін жасау сұралса және оны әлі орындамаған болсаңыз, **Алдымен файлдардың сақтық көшірмесін жасау (ұсынылған)** түймесін басып, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз. Кері жағдайда **Файлдардың сақтық көшірмелерін жасамай қалпына келтіру** түймесін басып, содан кейін **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
7. Жүйені қалпына келтіру басталады. Жүйені қалпына келтіру аяқталғаннан кейін компьютерді қайта іске қосу үшін **Готово** (Аяқтау) түймесін басыңыз.
8. Тіркеу процесін аяқтаңыз да, жұмыс үстелін көргенше күтіңіз.
9. Компьютерді өшіріңіз, барлық перифериялық құрылғыларды қайта қосыңыз, сөйтіп компьютерді қайта қосыңыз.

Қалпына келтіру ақпарат тасушыларынан жүйені қалпына келтіру

⚠ ЕСКЕРТУ: Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Алынбалы дискіге немесе USB флэш жадына барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Қалпына келтіру ақпарат тасушыларын жасау үшін [Қалпына келтіру ақпарат тасушылары \(19-бет\)](#) бөлімін қараңыз.


Қалпына келтіру ақпарат тасушыларының көмегімен **Жүйені қалпына келтіруді** орындау үшін:

1. Компьютер жұмыс істеп тұрса, сақтағыңыз келетін барлық деректер файлдарын қамтитын сақтық көшірме DVD дискісін немесе сақтық көшірме USB флэш жадын жасаңыз, содан кейін сақтық көшірме ақпарат тасушысын диск науасынан алыңыз.
2. Қалпына келтіру DVD дискісін пайдаланып жатсаңыз, DVD дискіжетек науасына № 1 қалпына келтіру дискісін салып, науаны жабыңыз. Егер қалпына келтіру USB флэш жадын пайдаланып жатсаңыз, оны USB портына қайта қосыңыз.
3. Компьютер жұмыс істеп тұрса, **Бастау** түймесін, **Өшіру** түймесінің жанындағы **Көрсеткі** түймесін таңдап, **Өшіру** пәрменін таңдаңыз. Не болмаса, компьютер жауап бермей жатса, **Қуат** түймесін шамамен 5 секунд бойы немесе компьютер өшкенше басып тұрыңыз.
4. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз.
5. Компьютерді қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз. Қалпына келтіру DVD дискісін пайдаланып жатсаңыз, компьютер дискідегі «Диспетчер восстановления» бағдарламасын автоматты түрде іске қосады. 7-қадамға өтіңіз.
6. Жүйені қалпына келтіруді USB флэш жадынан іске қоссаңыз, компьютерде іске қосу мәзірі шығарылайын деп жатқанда **Esc** пернесін басыңыз. Көрсеткі пернелермен USB құрылғысын таңдап, сол құрылғыдан іске қосу үшін **Enter** пернесін басыңыз.
7. Қалпына келтіру медиасы мен қатты дискінің біреуін таңдау қажет болса, медиа опциясын таңдап, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
8. **Мне нужна быстрая помощь** тізімінде **Өндіруші параметрін қайта орнату** бөлімін таңдаңыз.
9. Файлдардың сақтық көшірмесін жасау сұралса және оны әлі орындамаған болсаңыз, **Алдымен файлдардың сақтық көшірмесін жасау (ұсынылған)** түймесін басып, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз. Кері жағдайда **Файлдардың сақтық көшірмелерін жасамай қалпына келтіру** түймесін басып, содан кейін **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
10. Егер келесі қалпына келтіру дискісін салу ұсынылса, солай істеңіз.

11. Қалпына келтіру реттеушісі аяқталған кезде жүйеден барлық қалпына келтіру ақпарат тасушысын алып тастаңыз.
12. Компьютерді қайта қосу үшін **Готово** (Аяқтау) түймесін басыңыз.


Қалпына келтіру ақпарат тасушылары

Қалпына келтіру ақпарат тасушысын бос DVD дискілерінде немесе USB флэш жадында жасауға болады (екеуінің біреуі, бірден екеуі емес). Қатты дискіде сақталған қалпына келтіру кескінінен қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасаңыз. Бұл кескінде компьютерге бастапқыда өндіруші орнатқан операциялық жүйе және бағдарлама файлдары бар. Компьютер үшін қалпына келтіру ақпарат тасушысының бір жиынын жасауға болады және ақпарат тасушысын *тек* осы компьютермен пайдалануға болады. Қалпына келтіру ақпарат тасушысын қауіпсіз жерге сақтаңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Windows жүйесінің нұсқасы орнатылмаған күйде жеткізілген жүйелерде кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

Қалпына келтіру ақпарат тасушысын таңдау

- Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін компьютеріңізде DVD дискілерге жазу құралы болуы керек және тек жоғары сапалы бос DVD+R немесе DVD-R дискілерін пайдалану керек.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін CD немесе DVD+RW, DVD-RW, DVD+RW DL, DVD-RW DL, DVD+R DL немесе DVD-R DL дискілерін пайдалануға *болмайды*.

- Қалпына келтіру дискілерін жасасаңыз, қалпына келтіру дискілерінің жиынын жасау үшін жоғары сапалы дискілерді пайдаланып жатқандығыңызға сенімді болыңыз. Ақаулық табылған жағдайда дискілердің қабылданбауы қалыпты жағдай. Сізге әрекетті қайталау үшін жаңа бос дискіні салу ұсынылады.
- Қалпына келтіру дискілер жиынындағы дискілердің саны компьютеріңіздің моделіне байланысты (әдетте 1-3 DVD дискілері). Қалпына келтіру дискісін жасау бағдарламасы жиынды жасау үшін қажет бос дискілердің нақты санын айтады.
- Жоғары сапалы бос USB флэш жадын пайдаланып, қалпына келтіру USB флэш жадын жасауды таңдауға болады. Егер USB флэш жадын пайдаланып жатсаңыз, бағдарлама барлық деректерді сақтау үшін қажет дискі өлшемін айтады (ең кемі 8 ГБ).

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру ақпарат тасушыларын жасау процесі тасушыда ақпараттың жазылғандығын тексеру үшін бірнеше уақыт алады. Процестен кез келген уақытта шыға аласыз. Бағдарламаны келесі рет іске қосқанда, ол қалдырылған жерден жалғасады.

Қалпына келтіру медиасын жасау

Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін:

1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.
2. **Пуск** (Бастау) мәзірін таңдап, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Безопасность и защита** (Қауіпсіздік және қорғаныс), **Диспетчер восстановления** (Қалпына келтіру реттегіші) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Создание носителя восстановления** (Қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) бөлімін таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыру рұқсатын беру үшін **Иә** түймесін басыңыз.

3. **Бос DVD дискісі арқылы қалпына келтіру тасығышын жасау** пәрменін таңдап, **Келесі** түймесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Жасағанда әр дискіге белгі қойыңыз (мысалы, 1-қалпына келтіру, 2-қалпына келтіру).

Қалпына келтіру USB флэш жадын жасау үшін:

1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.
2. USB флэш жадын компьютердің USB портына қосыңыз.
3. **Пуск** (Бастау) мәзірін таңдап, **Все программы** (Барлық бағдарламалар), **Безопасность и защита** (Қауіпсіздік және қорғаныс), **Диспетчер восстановления** (Қалпына келтіру реттегіші) бөлімдерін таңдап, содан кейін **Создание носителя восстановления** (Қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) бөлімін таңдаңыз.
4. **Создание носителя восстановления с помощью USB-устройство флэш-памяти** (USB флэш жадының көмегімен қалпына келтіру тасымалдағышын жасау) бөлімін таңдап, **Следующий** (Келесі) түймесін басыңыз.
5. Ақпарат тасушылар тізімінде USB флэш жадын таңдаңыз. Бағдарлама сізге қалпына келтіру дискісін жасау үшін қажет бос орынды айтады. Егер USB флэш жадында жеткілікті бос орын болмаса (кемінде 8 ГБ), ол экранда сұр болады. **Далее** (Келесі) пәрменін таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау флэш жадын форматтап, ондағы бүкіл файлдарды жояды.

6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. USB флэш жадына белгі қойып, қауіпсіз жерде сақтаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау үшін мультимедиа карталарын пайдаланбаңыз. Жүйе мультимедиа картасынан іске қосылмауы және жүйені қалпына келтіруді орындай алмауыңыз мүмкін.

7 Техникалық қызмет көрсету

Компьютердің жоғары жылдамдықпен жұмыс істеп жатқанына көз жеткізу үшін, оған қарапайым техникалық қызмет көрсетуді орындау маңызды.

Жоспарлар мен тапсырмалар

Уақыт шкаласы	Тапсырма	Сипаттама
Дұрыс техникалық қызмет көрсету үшін ұсынылатын аралықтарда осы нұсқауларды орындаңыз.		
Апта сайын	Бағдарламалық құралды тазалау	Жүйеде жиналып, оның жұмысын төмендететін қалаусыз және уақытша файлдарды жою үшін Disk Cleanup бағдарламасын немесе қауіпсіз үшінші тараптың тазалау құралдарын пайдаланыңыз. Қажет емес бағдарламалардың бар-жоғын тексеріп, оларды жойыңыз.
	Дефрагментациялау	Қатты дискіні жақсы күйде сақтап, жүйе өнімділігін жақсарту үшін Дискіні дефрагментациялау бағдарламасын іске қосыңыз. Осы тапсырманы жиі орындау жүйені зақымдамайды.
	Вирусты қарап шығу	Байқаусыз өтіп кететін вирустарды ұстау үшін апта сайын вирустарды толық қарап шығыңыз. Осыны автоматты түрде бақылау үшін антивирустік өнімдердің көбісінде жоспарлау мүмкіндігі бар.
Ай сайын	Аппараттық құралды тазалау	Компьютердің ішін және сыртын жақсылап тазалаңыз.
	Бағдарламалық құралды жаңарту	Операциялық жүйе ақауларын жойып, өнімділікті жақсарту үшін Windows жаңарту бағдарламасын пайдаланыңыз. Аппараттық құрал мен таңдаулы бағдарламаның жаңа нұсқалары үшін драйвер жаңартуларын тексергеніңізге сенімді болыңыз.
	Windows жаңарту	Жаңартуларды орнату үшін Windows жаңарту бағдарламасын ай сайын іске қосыңыз.
	Қатты дискіні диагностикалау	Қатты дискіні диагностикалауды пайдалану арқылы қатты дискінің бұзылуын кейде алдын алуға болады.
Жыл сайын	Жүйені қалпына келтіру	Уақыт өткен сайын компьютерді қалай пайдалануына байланысты жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйені бірінші рет қосқан кезде оны бастапқы конфигурацияға қалпына келтіру үшін Windows операциялық жүйе орнатуын тазалағанда Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын пайдаланыңыз. Жүйені қалпына келтіруді жалғастырудан бұрын, маңызды деректер файлдарының сақтық көшірмесін жасаңыз. Толық мәліметтер алу үшін Жүйені қалпына келтіру (16-бет) бөлімін қараңыз.
Қажетінше	Деректердің сақтық көшірмесін жасау	Маңызды ақпараттың, сондай-ақ жеке файлдар, электрондық пошта хабарлары және веб-сайт бетбелгілерінің сақтық көшірмесін дискілерге жасау үшін компьютерде орнатылған CD немесе DVD жазу құрылғысының бағдарламасын пайдаланыңыз. Деректерді сыртқы қатты дискіге ауыстыруға болады.

Компьютерді шаңнан, ластанудан және қызудан сақтау

Компьютер жүйесін шаңнан, ластанудан және қызудан сақтау - оның жұмыс істеу қызметін ұзартады. Шаң, жануардың түгі және басқа бөлшектер төсем құрай отырып жиналады. нәтижесінде компоненттері қызады немесе пернетақта мен тінтуір жағдайында, кідіріссіз және тиімді жұмыс

істемейді. Ай сайын шаң мен қоқыстардың көрінетін белгілері жүйеде бар-жоғын тексеріп, әр үш айда бір рет тазалап тұрыңыз. Қосымша тазалау туралы ақпарат алу үшін www.hp.com/support сайтына өтіңіз.

Компьютер мен мониторды тазалау

Компьютер мен мониторды тазалау үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютер мен монитор сымын ажыратыңыз.
2. Монитор экранын тазалау үшін таза және құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. **Монитор экранында суды пайдаланбаңыз.** Мұқият тазалау үшін таза шүберекті және антистатикалық экран тазалағыш құралын пайдаланыңыз.
3. Процессор және монитор шаңын сүрту үшін таза, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Компьютер немесе мониторды жапсырма қалдығынан немесе төгілген заттан тазалау үшін изопропильді (медициналық) спиртті және талшықсыз шүберекті пайдаланыңыз.

Компьютер желдеткіштерін тазалау

Ауа желдеткіштері компьютерді салқындатып тұрады. Кішкентай, батареямен зарядталған шаңсорғышты пайдалану арқылы осы желдеткіштерді таза ұстаңыз. (Батареямен зарядталған шаңсорғыш ток соғудан сақтайды.)

1. Процессордағы желдеткіштерді шаңсорғышпен тазалаңыз.
2. Компьютер коннекторларында (мысалы, Ethernet және USB коннекторлары) және жанында жиналған қоқыстардан тазалаңыз.

Пернетақта мен тінтуірді тазалау


Пернетақта пернелерін тазалаған кезде перне қақпақтарын және серіппелерді шығарып алмау үшін батареямен зарядталған шаңсорғыштың төменгі параметрін пайдаланыңыз.

1. Пернетақта пернелері арасын және ойық жерлерді шаңсорғышпен тазалаңыз.
2. Пернетақта пернелері мен оның шеттерінде жиналғанды тазалау үшін таза, құрғақ шүберекті және изопропильді (медициналық) спиртті пайдаланыңыз.
3. Тазалау сүрткіштерін пайдалану арқылы тінтуірді және тінтуірдің сымын сүртіңіз.

Шарлы тінтуір бар болса, ішіндегі дөңгелек пен шарды тазалаңыз:

1. Тінтуірдің төменгі жағын жоғары қаратып, сақинаны алып тастап, шарды босату үшін шар қақпағының сақинасын сағатқа қарсы бұрыңыз.
2. Шарды сабын мен жылы сумен жуып жіберіңіз.
3. Тінтуірдің ішіндегі шарды изопропильді (медициналық) спиртпен суланған мақтамен тазалаңыз.
4. Шарлар жақсылап құрғағанда, дөңгелек пен дөңгелек қақпағын ауыстырыңыз.

Сенсорлық экранды тазалау (таңдалған модельдер үшін)

 **ЕСКЕРТУ:** Тазартқыш құралын экранға тікелей шашпаңыз немесе оған қоймаңыз; тазартқыш құралын шүберекке шашып, сенсорлық экранның бүйір жақтарын және бетін сүртіңіз.

Экран бетінің бүйір жақтарын тазалау кезінде қатты тазалау құралын немесе шүберекті пайдаланбаңыз, себебі ол сенсорлық экранға зақым келтіреді.


Сенсорлық экранды тазалау үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді өшіріңіз. **Пуск** (Бастау) түймесін түртіп, одан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін түртіңіз.
2. Қуат сымын қабырғадан ажыратыңыз.
3. Сенсорлық экранды тазалау үшін жұмсақ терезе жуғыштың аз бөлігін жұмсақ шүберекке шашыратыңыз.
4. Экранның сенсор арқылы тануын қиындататын кез келген ластанудан, саусақ іздерінен немесе басқа қоқыстардан тазалау үшін сенсорлық экранның бетін, оң және сол жақтарын сүртіңіз.

8 HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) пайдалану

HP PC Hardware Diagnostics – бірыңғай кеңейтілетін ішкі бағдарламалық құрал интерфейсі (UEFI). Бұл құрал компьютердің аппараттық құралдарының дұрыс жұмыс істейтінін анықтау үшін диагностикалық сынақтарды жүргізуге мүмкіндік береді. Құрал амалдық жүйенің сыртында жұмыс істейді және амалдық жүйенің өзі немесе басқа бағдарламалық құралдар бөліктері туындауы мүмкін аппараттық құралдың ақаулықтарын бөлектейді.

Аппараттық құралды ауыстыруды талап ететін ақаулық HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) арқылы анықталған кезде, ақаулықтың 24 санды идентификациялық коды жасалады. Бұл идентификациялық код мәселені шешу әдісін анықтау үшін ұсынылатын болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Өзгертпелі компьютерде диагностикалау құралын бастау үшін компьютерді ноутбук режиміне ауыстырып, планшетке тіркелген пернетақтаны пайдаланыңыз.

HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) бағдарламасын бастау үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп қайта бастаңыз және **Esc** пернесін тез басып қалыңыз.
2. **F2** пернесін басыңыз.

BIOS бағдарламасы диагностикалық құралдарды үш орыннан төмендегі тәртіпте іздейді:


- a. Қосылған USB диск жетегі

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын USB диск жетегіне жүктеу туралы ақпаратты [HP PC Hardware Diagnostics \(UEFI\) құралын USB құрылғысына жүктеу \(24-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

- a. Қатты диск
 - b. BIOS
3. Диагностикалау құралы ашылғанда, орындалатын диагностикалық сынақтың түрін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер диагностикалық сынақты тоқтату қажет болса, **Esc** пернесін басыңыз.

HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын USB құрылғысына жүктеу

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын жүктеп алу жөнінде нұсқаулар ағылшын тілінде ғана беріледі. Жүктеу және HP UEFI қолдау ортасын жасау үшін тек .exe пішіміндегі файлдар қолданылғандықтан Windows компьютерін пайдалану қажет.

HP PC Hardware Diagnostics бағдарламасын USB құрылғысына жүктеудің екі жолы бар:

UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу

1. <http://www.hp.com/go/techcenter/pcdiags> веб-торабына өтіңіз. HP PC Diagnostics басты беті көрсетіледі.
2. HP PC Hardware Diagnostics бөліміндегі **Загрузка** (Жүктеу) сілтемесін басып, **Выполнить** (Орындау) пәрменін таңдаңыз.

Белгілі бір өнімге арналған кез келген UEFI нұсқасын жүктеп алу

1. <http://www.hp.com/support> веб-торабына өтіңіз.
2. **Загрузка ПО и драйверов** (Бағдарламалық құрал мен драйверлерді жүктеп алу) қойыншасын таңдаңыз.
3. Өнім атауын немесе нөмірін енгізіңіз.
– немесе –
HP компаниясына өнімді автоматты түрде анықтауға мүмкіндік беру үшін, **Определить** (Анықтау) түймешігін басыңыз.
4. Компьютер үлгісін және амалдық жүйе түрін таңдаңыз.
5. **Diagnostic** (Диагностика) бөлімінде қажетті UEFI нұсқасын таңдау және жүктеп алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

9 Техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары



ЕСКЕРТПЕ: Компьютердің дәл электрлік көрсеткіштерін анықтау үшін, компьютердің сыртына жапсырылған төлқұжатқа жүгініңіз.

Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ
Жұмыс температурасы	5 - 35°C	41 - 95°F
Сақтау температурасы	-20° - 60 °C	-20 - 149°F
Жұмыс ылғалдылығы	15% - 80% @ 26°C	15% - 80% @ 78°F
Жұмыс биіктігі	0 - 2000 м	0 - 6561 фут
Сақтау биіктігі	0 - 4572 м	0 - 15000 фут

10 Электростатикалық разряд

Электростатикалық ток соғу — екі зат қатынасқа түскен кезде статикалық электр тогының соғуы, мысалы, кілем үстінде тұрып есіктің темір тұтқасын ұстағаннан болатын ток соғу.

Саусақтар немесе басқа электростатикалық разряд өткізгіштерінен шығатын статикалық электр қуатының разряды электрондық бөліктерге зақым келтіруі мүмкін.

Компьютерге зақым келтіруді болдырмау үшін, диск жетегіне зақым келтіруді немесе ақпараттың жоғалуын азайту үшін, осы сақтық шараларын сақтаңыз:

- Егер жою немесе орнату нұсқауларында компьютерді қуат көзінен ажырату ұсынылса, компьютердің жерге дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Бөліктерді орнатуға дайын болғанша, оларды электростатикалық разряд өтпейтін контейнерлерде сақтаңыз.
- Істікшелер, контактілер және қосылатын ұштарға тимеңіз. Электрондық бөліктерді қолмен мүмкіндігінше аз уақыт ұстаңыз.
- Магниттенбейтін құралдарды пайдаланыңыз.
- Бөліктерді ұстамас бұрын боялмаған метал бетін ұстау арқылы статикалық электр тогын разрядтаңыз.
- Бөлікті алған кезде оны электростатикалық заряд өтпейтін контейнерде сақтаңыз.

11 Қолжетімділік

HR мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қоса барлығы пайдалана алатын өнімдер мен қызметтерді оқшаулы түрде немесе тиісті көмекші құрылғылармен жасақтайды, өндіреді және нарыққа шығарады.

Қолдау көрсетілетін көмекші технологиялар

HR өнімдері операциялық жүйенің әр түрлі көмекші технологияларына қолдау көрсетеді және оларды қосымша көмекші технологиялармен жұмыс істеуге теңшеуге болады. Көмекші мүмкіндіктер туралы қосымша ақпаратты табу үшін құрылғыдағы Іздеу мүмкіндігін пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Белгілі бір көмекші технологиясының өнімі туралы қосымша ақпаратты алу үшін осы өнімнің тұтынушыға қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Қолдау қызметіне хабарласу

Біз үнемі өнімдер мен қызметтердің қолжетімділігін жақсартамыз және пайдаланушылардың пікірлерін күтеміз. Егер өнімге қатысты сұрағыңыз болса немесе сізге көмегі тиген қолжетімділік мүмкіндіктері жөнінде бізге айтқыңыз келсе, бізге +1 (888) 259-5707 нөмірі арқылы, дүйсенбі-жұма, 06:00-21:00 Америкадағы қысқы уақыт аймағында хабарласыңыз. Егер саңырау болып немесе құлағыңыз нашар естіп, TRS/VRS/WebCapTel пайдалансаңыз, +1 (877) 656-7058 нөмірі арқылы, дүйсенбі-жұма, 06:00-21:00 Mountain уақытында бізге қоңырау шалып, техникалық қолдау бойынша немесе қолжетімділік сұрақтарымен бізге Америкадағы қысқы уақыт аймағында хабарласыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Қолдау қызметі ағылшынша ғана көрсетіледі.

Индекс

А

анықтама және қолдау көрсету 1

Ә

әрекеттік пернелер 6

Ж

жауапсыз жүйе 5

жұмысты аяқтау 5

И

интернет, жалғау 4

К

компьютерді өшіру 5

Қ

қолжетімділік 28

П

пернелер үйлесімі 6

Т

техникалық сипаттамалары 26

Э

электростатикалық разряд 27

Ғ

fn пернесі 6

Н

HP PC Hardware Diagnostics (UEFI)

пайдалану 24